



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-
техникалық университеті

«Есеп және қаржы» кафедрасы

5В050900 – «Қаржы» мамандығы
бойынша дипломдық жұмыс орындауға
және қорғауға арналған

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Орал 2015

ББК 65.26

Қ 41

Айешева Г.А., экон.ғыл.канд., доцент

Рустенова Э.А., экон.ғыл.канд., доцент

Абдешова А.Ш., экон.ғыл.маг., аға оқытушы

Тюмамбаева, А.Г., аға оқытушы

Габдуллина М.А., экон. маг., аға оқытушы

Сын-пікір беруші: Казамбаева А.М., экон.ғыл.канд., доцент

5В050900 – «Қаржы» мамандығы бойынша дипломдық жұмыс орындауға
және қорғауға арналған
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

26 наурыз 2015ж. № 8 хаттамасымен «Есеп және қаржы» кафедра отырысында қаралды.

27 наурыз 2015ж. № 8 хаттамасымен Экономика және бизнес факультетінің оқу - әдістемелік бюросымен ұсынылды.

наурыз 2015ж. № хаттамасымен университеттің оқу - әдістемелік кеңесімен келісілді.

5В050900 – «Қаржы» мамандығы бойынша дипломдық жұмыс орындауға және қорғауға арналған әдістемелік нұсқау дипломдық жұмысты орындау және оны қорғау бойынша, дипломдық жұмыстың тақырыптарын таңдау, оның құрылымын анықтау, дипломдық жұмыстың безендірілуі, дипломдық жұмыстың қорғауға ұсынылуы және оның қорғау тәртіптері бойынша негізгі нұсқауларды қарастырады.

© РМК «Жәңгір хан атындағы Батыс қазақстан аграрлық – техникалық университеті», 2015

Мазмұны

1. Дипломдық жұмысты орындауға дайындық тәртібі мен оны жазу және қорғау бойынша жалпы ереже.....	4
2. Дипломдық жұмыстың орындалу мақсаты мен міндеттері.....	4
3. Дипломдық жұмыс тақырыптарының таңдалуы.....	5
4. Дипломдық жұмыстың қысқаша мазмұны және оның құрылымы.....	6
5. Дипломдық жұмысты рәсімдеу бойынша талаптар	13
6. Дипломдық жұмысты қорғауға ұсыну бойынша тәртіптер.....	17
7. Дипломдық жұмысты қорғау тәртібі	18
8. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	21
Қосымшалар	22

1. Дипломдық жұмысты орындауға дайындық тәртібі мен оны жазу және қорғау бойынша жалпы ереже

Осы «дипломдық жұмыс орындауға және қорғауға арналған әдістемелік нұсқау (әрі қарай «Әдістемелік нұсқау») Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 18 наурыз 2008 ж № 125 бұйрығымен бекітілген «Білім алушылар үшін ағымдағы оқу үлгерімін, аралық және қорытынды аттестациялауды жүргізу тәртібі» негізінде, сонымен қатар 5.03016-2009ж Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі, «Жоғарғы оқу орындарында диплом жұмыстарын (жобаны) орындау ережесі» негіздерінде құрастырылған.

Дипломдық жұмыс Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес оқытудың аяқтай кезеңінде студентпен орындалған жеке ғылыми – зерттеу жұмысы болып табылады. Дипломдық жұмыс мамандық бойынша теориялық және практикалық білімдерін тереңдетуге, сонымен бірге ғылыми зерттеулер бойынша дағдылар қалыптастыруға бағытталады. Оның мазмұны студенттің ғылыми таным әдісін меңгергенін куәландыруы керек. Дипломдық жұмыс шама келсе дипломалды тәжірибе өту базасымен сәйкес келуі керек. Бұл «Әдістемелік нұсқау» дипломдық жұмысқа қатысты оның мазмұнының, құрылымының, орындалуының және қорғалуының талаптарынан тұрады.

2. Дипломдық жұмыстың орындалу мақсаты мен міндеттері

Дипломдық жұмыстың негізгі мақсаты болып студенттерге игерген теориялық білімдерін қолдану негізінде ғылыми – зерттеу жұмысы бойынша дағдыларды алу және қалыптастыру, оларды оқыған мамандығына сәйкес тәжірибеде қолдануы табылады. *Дипломдық жұмысты орындау барысында келесідей тапсырмалар орындалуы тиіс:* зерттеудің өзектілігін анықтау, зерттеу объектісіне сәйкес ғылыми әдістерді қолдану арқылы алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді шешу; теориялық мәліметтерді мазмұндау және зерттеу тақырыбы бойынша талдау мәліметтерін сараптау; шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық қызметтерін жетілдіру бойынша сенімді және дәлелденген ұсыныстар мен нұсқауларды дайындау немесе зерттеп отырған пәннің даму перспективаларын көрсету; жұмысты аяқтау барысында негізгі тұжырымдар мен ұсыныстар қалыптастыру. Тәжірибеде студентпен жазылған дипломдық жұмыста барлық дайындық процесі, жұмысты орындау және оны қорғау келесідей кезеңдер қатарынан тұратынын көрсетеді: тақырыпты таңдау және оны таңдауда ғылыми жетекшімен келісу; зерттеу жағдайлары бойынша әдебиеттерді таңдау; дипломдық

жұмысты жазу бойынша ұйымдастыру құжаттарын толтыру (өтініш, тапсырма, күнтізбелік кесте); дипломдық жұмысты жазу және безендіру бойынша талаптарды білу; пайдаланған әдебиеттер көздеріне ғылыми шолу және зерттеудің теориялық бөлігін мазмұндау; диплом алды тәжірибе өту кезінде жинақталған аналитикалық мәліметтерді қолдану; зерттеудің конструктивті бөлігін жасау (зерттеу жағдайы бойынша ұсыныстар мен нұсқаулар); қарастырылған талаптарға сай дипломдық жұмысты безендіру; дипломдық жұмысты қорғау бойынша оны қорғауға 10 – 15 күн бұрын ғылыми жетекшіден көзқарас алу; қорғаудан 10 күн бұрын дипломдық жұмысты ғылыми жетекшінің көзқарасымен бірге кафедраға тапсыру; кафедра меңгерушісінің қорғауға рұқсат деген белгісін алғаннан кейін қорғаудан 10 күн бұрын дипломдық жұмысты сын – пікір алу үшін сыртқы оппонентке жіберу (сын - пікір берушіге) және жазбаша сын – пікір алу; қорғауға алып шығу үшін баяндама және кесте – иллюстрация түріндегі мәліметтерді жазып жинақтау; Мемлекеттік Аттестациялау комиссиясының алдында дипломдық жұмысты қорғау.

Дипломдық жұмысты жазу және қорғау бойынша жалпы алгоритм А қосымшасында келтірілген.

3. Дипломдық жұмыс тақырыптарының таңдалуы

Дипломдық жұмыстың орындалуына байланысты ұйымдастыру жұмыстарын уақытында және дәл жоспарлау оның сапасы мен сәтті қорғалуына әсерін береді. Дипломдық жұмысты жазудың басты мәселелері болып тақырыптың таңдалуы, оны жазу бойынша күнтізбелік кесте жоспарының құрастырылуы және орындалу тәртібінің қадағалануы және оны безендіру бойынша талаптарын оқып үйрену табылады. Дипломдық жұмыстар бойынша тақырыптарды таңдау бітіруші кафедрамен бекітілген тематикаға байланысты жүргізіледі. Күндізгі оқу нысанындағы студенттер үшін дипломдық жұмыстың тақырыптары диплом алды тәжірибе басталмас бұрын, ал сырттай және кешкі бөлімнің студенттері үшін соңғы сессия кезеңінде анықталуы және бекітілуі тиіс. Тәжірибеде дипломдық жұмысты жазу бойынша тақырыпты таңдау процесінде көп жағдайда алдын – ала арнайы әдебиеттерді оқудың, тәжірибе базасында жұмыс жасайтын мамандармен кеңесудің және кафедрада бекітілген жетекшіден кеңес алу керектігін көрсетеді. Дипломдық жұмыстың тақырыбын таңдау бітіруші түлекке оның теориялық дайындығын, ғылыми қызығушылығын, диплом алды өткен тәжірибе немесе жұмыс орнын (сырттай немесе кешкі бөлім студенттері үшін) ескере отырып жүргізіледі және ғылыми жетекшімен келісіледі. Студент өзі таңдаған тақырыпты ұсынуы мүмкін, егер ол тақырыптың ашылуы бойынша теориялық және тәжірибелік мәліметтер жеткілікті болса және кафедра меңгерушісімен келісілген болса. Диплом жұмыстарының тақырыптарын және ғылыми жетекшіні

бекіту кафедра отырысында қарастырылып бекітіледі. Дипломдық жұмыстың тақырыбын таңдау кезінде мамандықты, зерттелетін жағдайдың өзектілігі мен деңгейі және студенттің тәжірибе бойынша қажетті мәліметтерді жинауға деген жеке көзқарасын ескеру қажет. Дипломдық жұмыстың тақырыбын соңғы рет ғылыми жетекшімен келіскен соң, студент кафедра меңгерушісінің атына жұмысты орындауға рұқсат алу үшін өтініш жазады (Қосымша Б). Студенттің диплом алды өткен тәжірибе орнын және жазған өтінішін ескере отырып кафедра студентке соңғы рет бекітілген тақырыбы мен олар бойынша ғылыми жетекшілері жөнінде шешім шығарады, әрі қарай университеттің бұрығы бойынша бекітілуге ұсынылады. Ғылыми жетекші студентке ғылыми - әдістемелік көмек көрсетеді: дипломдық жұмыстың тақырыбын таңдауға және жұмыс бойынша жоспар құрастыруға үлесін қосады, тапсырма береді, яғни ол тапсырма алдағы уақытта нақтылануы мүмкін (Қосымша В); дипломдық жұмыстың орындалуы бойынша бітіруші түлекпен бірге күнтізбелік жоспар - кестесін құрастырады (Қосымша Г). Күнтізбелік жоспар – кестесі студент пен ғылыми жетекшінің бірлесіп атқарған жұмысын анықтайтын жұмыс құжаты болып табылады, сондықтан ол дипломдық жұмыспен бірге тіркелмейді және тігілмейді, тек дара конвертке салынады; дипломдық жұмыстың мазмұнымен сәйкес келетін библиография, әдебиеттер, статистикалық және басқа да көздер бойынша қалыптасқан сұрақтарға кеңес береді; дипломдық жұмысты жазу бойынша келісілген жоспар – кестеге байланысты жұмыстың сапалы және уақытылы орындалуына бақылау жүргізеді; дипломдық жұмыстың жазылуы аяқталғаннан кейін дипломдық жұмысқа қысқаша сипаттама беретіні және оның қойылған талаптарға жауап беретіні жөнінде көзқарас жазады.

Дипломдық жұмыстың тақырыбы таңдалғаннан кейін және күнтізбелік жоспар – кестесі құрастырылғаннан кейін еңбек шығынын үнемдеу мақсатында жұмысқа кіріспес бұрын дипломдық жұмысты безендіру бойынша талаптарды оқу қажет. Дипломдық жұмыстың кейбір бөлімдері бойынша қажет жағдайда кеңес беруші ретінде университеттің және басқа жоғарғы оқу орындарының оқытушылары, мемлекеттік органдарда, кәсіпорындарда, ғылыми – зерттеу институттарында және басқа да орындарда тәжірибелік және / немесе ғылыми қызмет жүргізетін мамандыққа сәйкес жоғарғы квалификациялы мамандар тағайындалуы мүмкін.

4. Дипломдық жұмыстың қысқаша мазмұны және оның құрылымы

Дипломдық жұмыстың орындалуына байланысты жалпы талаптар: мақсатты бағыттылығы; құрылымының нақтылығы; мәліметтің логикалық, жүйелі және жеке мазмұндалуы; зерттеудің

тереңдігі және бөлім сұрақтарының толық айқындалуы; сенімді дәлелдердің болуы; тұжырымдаулардың ықшамдылығы мен анықтылығы; жұмыстың қорытындысының нақты мазмұндалуы; қорытындының расталуы және ұсыныстардың дәлелденуі; безендірудің талаптарға сәйкестігі.

Дипломдық жұмысты орындауда жоғарыдағы көрсетілген талаптарды қоспағанда мынадай тәртіптерді сақтау қажет: дипломдық жұмыстың кіріспесі мен қорытындысы 2 – 3 беттен аспауы керек; дипломдық жұмыстың әр бір бөлімінде 2 – 3 бөлімшеден кем болмау керек, дипломдық жұмыстың әр бір бөлімшесінің көлемі 9 – 10 беттен кем болмау керек; дипломдық жұмыстың теориялық, аналитикалық және құрастырылған бөлімдерінің құрылымдық қатынасы бір – бірімен шамалас болуы керек (мысалы, 1 бөлім – 25 бет, 2 бөлім – 25-30 бет, 3 бөлім – 25 бет.).

Дипломдық жұмысты жазуда көп жағдайда көлемі бойынша көп көлемді (бет саны бойынша) теориялық бөлім алып кетуі үлкен қателік болып табылады; әр бір бөлім мен бөлімшенің соңында қорытынды жасалу керек (2-3 азат жол), яғни жазылған мәліметті қысқаша мазмұндау. Әдетте қорытындылағанда мынадай сөздермен басталады «осылайша ...», «сонымен ...», «жоғарыда айтылғандардың негізінде мынадай түйін жасауға болады, яғни ...».

Дипломдық жұмысты орындауда арнайы көздерден (оқулықтар, оқу құралдары, мерзімді басылымдар және т.б.) алынған мәліметтермен байланыстырылса, онда дипломдық жұмысты безендіру бойынша көрсетілген талаптарға сәйкес сілтеме келтірілуі керек. Егер дипломдық жұмысты жазуда сілтеме көрсетілмесе, онда жұмыс қорғауға жіберілмейді; пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі пайдаланылған көздердің саны 25 тен кем болмау керек.

Дипломдық жұмыстың құрылымы ерсі нысандандырылмаған және стандартталмаған болуы керек. Ол көбіне тақырыпқа, күрделілік деңгейіне және зерттеу әдістемесіне, теориялық және тәжірибелік мәніне, жалпы логикалық мазмұнына, сонымен бірге алға қойылған тапсырмаларға байланысты болады. Дипломдық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен (теориялық, талдау және конструктивалық), қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Қажет жағдайда иллюстрациялық – статистикалық және алғашқы материалдар жұмыстың соңында қосымша ретінде тіркеледі.

Дипломдық жұмыстың мазмұнында кіріспе, барлық бөлімдер мен бөлімшелердің атаулары, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшалардың атаулары және олардың қай беттен басталғаны туралы бет нөмірлері келтіріледі. Бөлімдердің және бөлімшелердің атауларының қысқартылған түрлерінде немесе олардың басқа нысандарда көрсетілуіне жол берілмейді.

Дипломдық жұмыстың «кіріспесінде» тақырыптың өзектілігін қысқаша және дәлелді келтіру, мақсаты мен міндеттерін анықтау, зерттеудің пәні мен объектісін көрсету, сонымен қатар ғылыми жаңашылдығын, тәжірибелік мәнін және апробациясын келтіру керек (егерде ғылыми басылымдарда, конференцияларда баяндаулар және т.б. болса).

Кіріспе және қорытынды – бұл дипломдық жұмыстың визит карточкасы болып табылады, осы бөліктердің негізінде оның сапасы туралы ой қалыптасады.

Тақырыптың зерттеу өзектілігі. Зерттеліп отырған проблема үшін қазіргі кезде және нақты жағдайда теориялық және тәжірибелік маңыздылығын тауып көрсету. Өзектілікті сипаттау көпсөзден құралмауы керек. Оны сипаттауды әріден бастаудың қажеті шамалы. Машинамен басылған мәтінде бастысын көрсету жеткілікті – тақырыптың өзектілігін көрсететін ситуациялық жағдайдың мәні. Ғылыми аспектінің өзектілігі тақырып бойынша ғылымның қазіргі таңдағы жағдайы туралы қарастырылу қажеттілігін көрсетеді. Іс жүзінде қолданылып жүрген аспект бойынша тақырыптың өзектілігі оның шаруашылық тәжірибеде нақты қажеттілікпен байланыстылығы бар екенін білдіреді (нақты кәсіпорынның, кәсіпорын топтарының, қаржылық институттардың, басқару органдарының және т.б. қажеттіліктері).

Өзектілік маңыздылықты, тақырыптың уақытында таңдап алынуын және оның әлеуметтік – экономикалық мәнін көрсетеді.

Шешілетін ғылыми проблеманың қазіргі жағдайын бағалау. Зерттеліп отырған проблемаға байланысты теориялық, әдістемелік және тәжірибелік мәселелер қарастырылған еңбектер бойынша авторлардың аты – жөнін көрсету қажет (қазақстандық және шетел оқымыстыларының жұмыстары, шетел әдебиеттері).

Алайда, біздің көзқарасымыз бойынша жұмысты орындауда жетіспеушіліктер көп табылады, алдымен ол қазіргі таңдағы тәжірибелік мәнін көрсететін қорытындыға қатысты болып отыр.

Тақырыптың өзектілігі мен оның теориялық және тәжірибелік маңыздылығын көрсетуде зерттеу бағытын таңдауға, оның мақсаты мен тапсырмаларын анықтауға түрткі болады.

Дипломдық жұмыстың мақсаты оны талдау жолы арқылы ситуациялық және экономикалық болмысы мен заңдылығы арасындағы жағдайды шешуге бағытталуы тиіс. Әдетте дипломдық жұмыстың мақсаты екі бөліктен тұрады: біріншісі – «зерттеу.....» (ситуациялық жағдай) сөзінен басталса, екіншісі – оның жетілдірілуі бойынша ұсыныстар келтіру (немесе оның дамуы бойынша перспективаларын көрсету).

Дипломдық жұмыстың мақсаты арқылы жұмыстың тапсырмалары анықталады, әдетте болмысыз етістік формасында басталып мынадай

түрде қалыптасады - ...жоспарлау, ...құрастыру, ...қамту, ... ашып көрсету, ...дәлелдеу, ...енгізу, ...көрсету, ...өңдеу, ...таңдау, ...табу, ...үйрену, ...формула арқылы шығару, ...ұсыныстар келтіру, ...өзара байланысын қалыптастыру, ...жоспар жасау, ...даму перспективаларын көрсету және т.б. Тапсырма дұрыс қойылуы керек, оның мазмұны, тапсырмалардың тізбесі және олардың орындалуы дипломдық жұмыстың сәйкес бөлімдерінің атаулары мен құрылымына тікелей әсерін тигізеді.

Зерттеудің пәні мен объектісі.

Зерттеудің объектісі – үйрену үшін таңдалған және проблемалық ситуацияны туғызушы процестер мен көріністер.

Зерттеу пәні – қарастырылатын нақты мәселелер бойынша объект шеңберіндегі барлық зерттеулер.

Зерттеу объектісі – зерттеу жүргізілетін аумақ шеңберінің айқындалуы. Мысалы: құрылыс компаниясы, несие ұйымдары, коммерциялық банк, бюджет және т.б.

Зерттеу пәні – зерттеу объектісі шегінде талданатын сұрақтың немесе жағдайдың нақты келтірілуі. Мысалы: айналым капиталын басқару саясаты, кәсіпорын қызметінің тиімділігін бағалау, бюджет қаражаттарының бөлінуіне байланысты бақылаудың ұйымдастырылуы және т.б.

Зерттеудің объектісі мен пәні өзара жалпы және жеке түрде қатынаста болады. Объектіде зерттеу пәнінде қызмет ететін бөлігі көрсетіледі.

Дипломдық жұмысты жазудің теориялық, әдістемелік негізі және тәжірибелік базасы.

Зерттеудің теориялық негізі – дипломдық жұмыстың зерттеуінде проблемаларды шешу және талдау кезінде неғұрлым септігін қосқан отандық және шетелдік ғалымдар мен мамандардың еңбектерінің сипатталуы көрініс алады.

Зерттеудің әдістемелік негізі. Зерттеудің негізі (мысалы: несие тәуекелінің қалыптасу көздері арқылы анықталған жалпы таным теорисы мен диалектикалық әдісі, даму механизмі және оны меңгеру жолдары. Жұмыста фундаментальдық, логикалық және салыстырмалы талдау, жалпылама және жүйелік тәсілдеме, экономикалық – статистикалық талдаудың әдісі және т.б. қолданылған).

Зерттеудің ақпараттық базасы (мысалы: заңдылық актілер, Ұлттық Банк Басқармасының қаулылары мен нұсқаулары, коммерциялық банктердің есептері, статистика бойынша ҚР Агенствасының статистикалық мәліметтері, ішкі нұсқаулық материалдар және басқа да көздер).

Дипломдық жұмыстың ғылыми жаңашылдығы. Мұнда қарастырылып жатырған мәселе бойынша Сіздің жұмысыңыздың басқа жұмыстардан ерекшелігі көрсетіледі. Бұл Сізбен жасалған әдістеме,

жүйеленген білім, жұмыстың жетілдіру бағыттарының тәжірибеде қолданылуы және т.б. болуы мүмкін.

Дипломдық жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы. Мұнда жұмыстың тәжірибелік маңызы қарастырылады, мысалы, жұмыс бір нәрсені жетілдіруде және Сізбен жасалған әдістеме тәжірибеде қолданылуы мүмкін, сонымен бірге дипломдық жұмыста алынған нәтижелер экономикалық тиімділікті (табыстылықтың көтерілуі, қаржылық тұрақтылықтың сақталуы және т.б. көрсетілуі) алуға ынталандыру ретінде қызметтегі зерттеу объектісінде қолданылуы мүмкін.

Жұмыстың мазмұнды бөлігінде қарастырылатын сұрақтар мәселенің мазмұнын ашуға мүмкіндік беретін логикалық және жүйелілік мазмұндаудың тәртіптерін қатаң сақтау қажет.

Жұмыстың бірінші бөлімі теориялық сипатта болады. Ол ғылыми әдебиеттер мен арнайы мәліметтерге (нормативтік – құқықтық актілер, статистикалық ақпараттар, мерзімді басылымдар), сонымен қатар шетелдік тәжірибені ескере отырып зерттелетін тақырып бойынша әртүрлі көзқарастарды қамтып талдау негізінде зерттелетін тақырыптың ғылыми – теориялық және әдістемелік сұрақтарын ашуға бағытталуы тиіс. Бұл бөлімде жұмыстың мәні, мазмұны, зерттеу процесінің ұйымдастырылуы, салыстырмалы талдаумен оның құрамдас бөліктері ашылуы керек, мәселелі сұрақтар бойынша өз позициясын көрсете алу керек.

Екінші бөлім талдау сипатында болады, бірінші бөлімде қарастырылған жалпы теориялық мәселелерді пайдалана отырып зерттелетін мәселеге талдау жасалады. Екінші бөлімде жұмысты жазуда қолданылатын фирмалар мен компаниялардың қаржылық қызметі талданады және соңғы жылдардағы экономикалық көрсеткіштеріне терең талдау жүргізіледі. Компанияның нақты мәліметтерін экономикалық – математикалық әдістердің көмегімен өндеп жүйелеу керек. Диплом жұмысының екінші бөліміндегі кестелер, суреттер, диаграммалар, сызбалар, сандар және нақты мәліметтер дұрыс және объективті түрде нақты көрініс алуы керек.

Зерттеудің объектісі болып нақты қаржы институты саналады және қаржы нарығының сегменттері де болуы мүмкін. Бұл үшін тек нақты мәліметтер көрсетіліп қана қоймай, сонымен қатар даму тенденциялары, жетіспеушіліктер мен оның себептері анықталады және оларды болдырмаудың жолдары қарастырылады. Екінші бөлімнің толық және сапалы жазылуы әрі қарай ұсынылатын әрекеттің тереңдігіне және дәйектілігіне байланысты болады.

Зерттеу объектісі бойынша соңғы 2-3 жылдағы құрамы, құрылымы және динамикасына байланысты сандық мәліметтер талдау кестелерінде немесе график, диаграмма түрінде келтіріледі. Көрсеткіштер жұмыстың мәтінінде де, қосымшасында да келтіріледі.

Кестенің мазмұнына келесідей талаптар қойылады: атауы, нөмірі; кестенің атауында оның мазмұны, ұйымның атауы, көрсеткіштері, жылдары келтірілуі керек; мәліметтердің салыстырылатындығы, олардың біртектілігі; мәліметтердің нақтылығы; құрастырудың үйлесімділігі; көрсеткіштердің өлшем бірліктерінің көрсетілуі; соңғы жылдардағы нақты мәліметтердің болуы, яғни соңғы 2-3 жылдағы; соңғы жылдағы көрсеткіштердің өсу немесе кему динамикасының есептік немесе өткен жылға пайызбен талдануы көрсетілуі керек, егер көрсеткіштердің өсуі/кемуі 200% - дан артық болса, онда қанша рет өзгергені көрсетіледі.

Графикке қойылатын талаптар: графиктің көмегімен көлемнің өзара функцияналдық тәуелділігі құрастырылады, жазықтықтың ортасы бойынша шартты белгілері көрсетілуі керек; жоғары көрнекілігі; нақты және ұтымды орналасуы; өлшем бірліктер мен шартты белгілерінің болуы; графиктер мәтінді сөзбен сипаттағаннан кейін бірден орналасады.

Үшінші бөлім конструктивтік және нұсқаулық сипатта болады. Бұл бөлімде зерттеу материалдары негізінде зерттеліп отырған мәселеге қатысты ұсыныстар мен нұсқаулар келтіріледі және дәлелденеді. Осы бөлімде зерттеу тақырыбының ғылыми – ұйымдастыру шешімдеріне және тәжірибелік сипаттағы тапсырмаларға бағытталған қорытынды, нұсқаулар мен ұсыныстар қалыптасуы керек. Бұл бөлімде сонымен бірге зерттеу пәнінің даму перспективасы қарастырылады және кәсіпорынның экономикалық тиімділігіне есептер келітіріледі.

Дипломдық жұмыста жұмысты жазу барысында қоланылатын сол ғылым аумағындағы түсінікті терминдер мен анықтамалар қолданылуы керек. Анықтама – бұл процестің мазмұнын ашу немесе оның белгіліері арқылы көрініс алуы. Анықтама қысқа және нақты болуы керек. Дипломдық жұмысты жазу үшін қолданылатын ақпарат нақты, объективті және сенімді болуы тиіс. Бұл талаптарға жауап беруде, нақты айтқанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің және қаржы Министрлігінің, Қазақстан Республикасының статистика бойынша Агенттіктің статистикалық есептері, ғылыми конференциялардың материалдары, оқымыстылардың, мемлекеттік мекемелердің атынан басылып шыққан арнайы басылымдар мен мақалаларда келтірілген ғылыми фактілер басты орын алады, сонымен қатар тәжірибе өту барысында бітіруші түлектің жинақтаған алғашқы ақпараттары. Нақты мәліметтерді қолданудың ерекше үлгісі – дәйексөздер, яғни үзінді бұрмалаусыз келтірілуі керек. Дәйексөзге міндетті түрде пайдаланған әдебиет бойынша сілтеме көрсетілуі тиіс.

Дипломдық жұмысты ғылыми стилде баяндау керек. Ғылыми сөйлеу нақышы – бұл өзіндік пікірі жоқ монолог, мұнда мазмұндау үшінші бір тұлғаның атынан жүргізіледі және «мен» деген авторлық сөз қолданылмайды.

Негізгі тұжырымдар мен ұсыныстар, дипломдық жұмысының жалпы мазмұнынан шығады, ықшамды түрде «қорытындыда»

мазмұндалады. Қорытынды жұмыстың негізгі тұжырымы мен ұсыныстарын түйіндейтін қысқаша мазмұнмен сипатталуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі дипломдық жұмысты жазуда қолданылған көздер туралы мәліметтерден құралуы керек және Мемлекеттік Білім беру Стандартының талаптарына сай рәсімделуі керек, сонымен бірге тізімде көрсетілген әдебиеттердің жалпы саны 25-тен кем болмауы керек.

Қосымшаға жанама мәні бар, аралық формулалар, есептер, кестелер, нұсқаулықтар, әдістер, тапсырманы шешудің жолдары, алғашқы мәліметтер, статистикалық және салықтық есептемелер және т.б. жіберу ұсынылады және олардың мәтіні бойынша дипломдық жұмыста сілтеме келтіріледі.

Жұмыстың мәтіні соңғы рет басылып жазылғаннан кейін стилистикалық, редакциялық және машинамен басылған мәтінге байланысты кемшіліктерді болдырмау мақсатында толықтай тексеруден соң және ғылыми жетекшіден алған оң көзқарастан кейін жұмыс оның элементтерінің келесідей тәртіптермен ораналасуын сақтаумен тыстауға жіберіледі: мұқаба (қосымша Е); титулдық бет (қосымша Ж); дипломдық жұмысты орындау бойынша тапсырма; мазмұны; кіріспе; негізгі бөлім (бөлімдер); қорытынды; пайдаланылған әдебиеттер тізімі; қосымшалар.

Титулдық бет дипломдық жұмыстың бірінші беті болып саналады және белгіленген араны тәртіп бойынша толтырылады. Титулдық бетте келесідей мәліметтер келтіріледі: дипломдық жұмыс орындалған мекеменің, факультеттің, кафедраның атауы; жұмыстың атауы; студенттің аты – жөні; ғылыми жетекшінің аты – жөні, оның ғылыми атағы мен дәрежесі; жұмысты қорғауға рұқсат қойылған кафедра меңгерушісінің қолы; орындалған дипломдық жұмыстың орны (қаласы) және жылы. Титулдық бет дипломдық жұмыстың жалпы нөмірлік бетіне қосылып саналады, бірақ бұл бетке нөмір салынбайды. Титулдық бетке автормен, ғылыми жетекшімен, кафедра меңгерушісімен қол қойылады.

Келесідей жағдайлар бойынша диплом төмен бағалануы мүмкін:

- дипломдық жұмыста шешілуге тиісті проблемаға тікелей қатысы бар студентке қол жетімді болып табылатын әдебиеттердің пайдаланылмауы;

- зерттеу проблемасына қатысы бар отандық жұмыстардың болмауы;

- зерттеу тақырыбы бойынша нормативтік құқықтық базаның ескерілмеуі;

- теориялық бөлім эмпирикалық зерттеу бойынша өзіндік қорытындысымен аяқталмаса және нақышы дұрыс келтірілмесе;

- жұмыстың теориялық бөлімінде сызбалар мен суреттердің болмауы немесе жеткіліксіз болуы; жұмыстың талдау бөлімінде кестелер мен диаграммалардың болмауы немесе жеткіліксіз болуы;

- дипломдық жұмыс екі түрлі бөлімнен құрастырылады: бір - бірімен шамалы біріктірілетін теориялық және талдау бөлімдері;
- автор әдістерді пайдаланғанда олардың алу көзіне немесе авторына сілтеме жасамауы;
- жұмыста зерттеу жүргізудің процедурасына толық түсінік берілмеуі: берілген түсініктер бойынша процедураны жүргізу мүмкін болмайды;
- жұмыста алғашқы мәліметтердің факт ретінде алынған нәтижелердің, қорытындылардың талдауының болмауы. Өртүрлі әдістермен алынған мәліметтердің өзара салыстырмалылығының болмауы;
- дипломдық жұмыстың бөлімдері (бөлімшелері) бойынша материалдардың мазмұнын тең көлемде бөлмеу. Әр бір бөлімшенің көлемі 5 беттен кем болмау тиіс.

5. Дипломдық жұмысты рәсімдеу бойынша талаптар

Дипломдық жұмыс стандартты А4 (210x297) форматты бетте жазылуы керек және тысталуы керек. Оның мәтіні мен басқа да элементтері ЭЕМ – ның (немесе машина жазу әдісімен) жазу және графикалық құрылғыларының көмегімен ақ қағаздың бір жақ бетіне бір интервал сақтай отырып жазылады. Жұмысты жазуда «Times New Roman» шрифті, 14 кегль қолданылады. Дипломдық жұмыстың көлемі – 70-90 бет. Дипломдық жұмыстың мәтінін жазуда жолдардың өлшемі келесідей мөлшерлерде сақталады: сол жағынан – 2,5 мм, оң жағынан – 2,5 мм, жоғарғы жағынан – 2,5 мм, төменгі жағынан – 2,5 мм. Дипломдық жұмыста қолданылған автордың аты-жөні, ұйымның, кәсіпорынның атауы, басылымы және басқа да атаулар өзіндік түпнұсқа тілінде келтіріледі. Өзіндік атауларды қысқартуға рұқсат етіледі және ұйымдар мен кәсіпорындардың атауы дипломдық жұмыстың жазылу тіліне аударылады және түпнұсқаулық атауы бірге келтіріледі.

Дипломдық жұмысының «Мазмұны», «Кіріспе», «Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» сияқты құрылымдық элементтері құрылымдық элементтің тақырыбы болып саналады. Олар беттің ортасына бас әріппен астарын сызусыз жазылады және соңына нүкте қойылмайды.

Дипломдық жұмысының барлық құжаттың өн бойында оның бөлімдері абзацстан кейін араб сандарымен белгіленіп нүктесіз қойылған реттік нөмірлері болуы қажет.

Бөлімшелер бөлімдер аясында нөмірленуі қажет. Бөлімше нөмірі нүктемен бөлінген бөлім мен бөлімше нөмірлерінен тұрады. Бөлімше нөмірінен кейін нүкте қойылмайды.

Кіріспе, бөлімдер, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшалар жаңа беттен басталып жазылады. Абзац (азат жол) жаңа жол

болып саналады және ол төрт белгімен тең болады. Дипломдық жұмысының барлық беттері иллюстрациялар мен қосымшаларды қоса есептегенде титулдық беттен бастап нөмірленуге жатады. Беттің нөмірі қағаздың төменгі жағының ортасына нүктесіз қойылады.

Жекелеген беттерде орналастырылған иллюстрациялар мен кестелер және ЭЕМ - мен басып шығарылған беттер диплом жұмысы беттерінің жалпы нөмірлеріне қосылады. Дипломдық жұмыста қолданылатын иллюстрациялар (графиктер, сызбалар, диаграммалар) өзіне қатысты мәліметтерді байланыстыратын мәтіннен кейін немесе келесі бетте оранласуы керек. Иллюстрациялар түрлі - түсті жолмен де компьютерде орындалуы мүмкін. Дипломдық жұмыста қолданылған барлық иллюстрацияларға міндетті түрде сілтеме жасалуы керек. Қосымшадағы иллюстрациялардан басқа иллюстрациялар араб сандарымен басынан аяғына дейін нөмірленуі керек. Егер, сурет біреу болса, онда ол «Сурет 1» болып жазылады. «Сурет» сөзі және оның атауы жолдың ортасынан жазылуы тиіс. Иллюстрацияларды нөмірлеу бөлімшелерге қатысты да нөмірленуі мүмкін. Бұл жағдайда иллюстрация нөмірі бөлімнің нөмірінен және иллюстрацияның орналасу рет тәртібімен нүктемен бөлініп нөмірленеді. Мысалы: Сурет 1.1. Иллюстрациялардың атауы болуы керек және сәйкесінше оған жазбаша түсінік берілуі керек (суретке байланысты мәтін). «Сурет» сөзі және оның атауы мәліметке түсінік берілгеннен соң орналасады және ол келесідей: Сурет 1. Банктік жүйенің құрылымы. Иллюстрацияларға сілтеме келтірілгенде «1.2 суретіне сәйкес...» деген сияқты сөздерден басталып жазылуы керек.

Кестелер көрнекілік ретінде және көрсеткіштерді салыстыруда ыңғайлылық ретінде қолданылады. Кестелердің атаулары оның мазмұнын ашу қажет және дәл, қысқаша болуы керек. Кестелердің атауын кестеден жоғары, жолдың енінен азат жолдан кейінгі «Кесте 1» сөзінен соң келесі жолға орналастыру керек. Кестені өзі ескертілген мәтіннен кейін оранластыру қарастырылады. Барлық кестелерге диплом жұмысында сілтемелер болуы керек. Сілтеме қоюда «кесте» деп нөмірлері көрсетіліп жазылуы керек.

Көп жол мөлшердегі кестені келесі бетке көшіруге болады. Кесте бөлігін келесі бетке көшіру барысында «Кесте» сөзі және нөмірі бір рет кестенің бірінші бөлігінің сол жағына, ал келесі бөлігінде «Жалғасы» сөзі жазылады және кесте нөмірі көрсетіледі, мысалы: «1 кестенің жалғасы». Кестелерді келесі бетке көшіру кезінде тақырыбы тек қана бірінші бөлігінің үстіне орналастырылады. Кестенің бөлігін көшіруде кестені шектейтін төменгі көлбеу сызық сызылмайды.

Көп мөлшерлі графалы кесте қосымшаға енгізіледі.

Егер де кестенің әр түрлі жолдарындағы (графалардағы) қайталанатын мәтін бір сөзден тұрса, онда ол алғашқы жазылғаннан кейін тырнақшамен ауыстырылады; егер екі немесе одан да көп сөзден тұрса,

онда бірінші қайталанғаннан кейін, «ол да солай» сөзімен ауыстырылады және әрі қарай тырнақшамен жазылады. Тырнақшаларды сандардың, белгілердің, маркалардың, математикалық символдардың орнына қою рұқсат етілмейді. Егер кестенің жолдарында сандық немесе басқа да мәліметтер келтірілмесе, онда ол жолдарға сызықша қойылады.

Қосымшаға шығарылған кестелерден басқа кестелер араб сандарымен басынан аяғына дейін нөмірленуі тиіс. Кестелерді нөмірлеуде бөлімдер аясында нөмірлеуге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда кесте нөмірі нүктемен бөлінген бөлім мен бөлімше нөмірлерінен тұрады. Кесте жолдары және рафа атаулары жекеше түрде бас әріппен жазылады, ал графаның тақырыпшалары, егер тақырыпша бір сөйлемнен тұрса, онда тармақша әріптермен немесе егер олар дербес мағынаға ие болса, онда бас әріппен жазылады. Тақырыпшалар мен тармақшалардың соңында нүкте қойылмайды. Кестенің оң, сол және төменгі жақтары белгілі бір жолақтармен шектеледі. Кестеде мәтіннің шрифтіне қарағанда кішкентай шрифттерді қолдануға рұқсат етіледі. Графалардың тақырыпшалары кестенің жолақтарына көлденең жазылады. Қажет жағдайларда графалардың тақырыпшалары көлбеу де орналасады. Кестенің басы кестенің басқа бөліктерінен жолақпен бөлініп тұруы керек.

«Ескерту» сөзі бас әріппен азат жолдан бастап жазылады және асты сызылмайды. Дипломдық жұмыста, егер мәтіннің мазмұнына анықтамалық мәліметтер, түсініктемелер, кестелер мен графикалық материалдар келтірілсе, онда ескерту қолданылады. Ескерту осы ескертуге байланысты мәтіннен кейін, кестеден немесе графикалық материалдан кейін орналасады. Егер ескерту біреу болса, онда «Ескерту» сөзінен соң сызық қойылады және ол бас әріппен жазылады. Бір ескерту нөмірленбейді. Егер бірнеше ескерту болса, онда нүктесіз араб санымен ретімен нөмірленеді. Кестеге ескерту кестенің соңғы жолында келтіріліп кестені аяқтайды.

Формулалар мен теңдеулер мәтіннен басқа жеке жолға бөліп көрсетіледі. Әрбір формулалар мен теңдеулердің жоғары және төменгі жағынан бір жолдан кем емес бос орын қалдыру қажет. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, онда ол теңдеу теңдік (=) таңбаларынан кейін немесе қосу (+) белгісінен кейін, алу (-), көбейту (x), бөлу (:) немесе математикалық белгілерден кейін көшірілуі тиіс және келесі жолдардың басында таңба тағы қайталансады.

Символдар мен сандық коэффициенттердің мағыналарын түсіндіру формулаға сәйкес келтіріліп, формулада берілген бірізділікпен жүргізілуі керек.

Диплом жұмысындағы формулаларды реттік нөмірлермен нөмірлеу барлық жұмыс шегінде дөңес жақшаға алынып, араб сандарымен оң жақ шетте бір жолда қарастырылады. Мәтіндегі формулалардың реттік нөміріне сілтеме жақшаға алыну түрінде келтіріледі. Мысалы – (1) формулада. Бөлімше шегінде формулаларды нөмірлеуге рұқсат етіледі.

Мұндай кезде формула нөмірлері нүктемен бөлінген бөлімнің нөмірлері мен формулалардың реттік нөмірінен тұрады, мысалы (3.1).

Мысал.

$$Y=C(Y-T)+I(r)+G + NX (e) \quad (1)$$

$$M/P = L (r Y) \quad (2)$$

мұнда: Y – жиынтық табыс; C – тұтыну сомасы; I - инвестиция; G – мемлекеттік сатып алулар; NX - таза экспорт; r – пайыздық ставка; M/P – ақша ұсынысының нақты көрінісі; v – айырбас бағамы; L - сұраныс.

Пайдаланылған дерек көздеріне сілтемелерді әдебиеттер тізімінен нөмірлерін келтіріп тік жақшада көрсетеді. Мысалы, «цитатаның мәтіні» [2, 5б.]. Дерек көздер туралы мәліметті дипломдық жұмыстың мәтініндегі көздерге сілтеме келтіру тәртібімен нүктесіз араб сандарымен нөмірленеді және азат жолдан жазылады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (мысал ретінде төменде келтірілген) дипломдық жұмысты жазуда қолданылған нақты көздердің тізімінен тұруы қажет. Пайдаланылған дерек көздердің орналасуы сілтемелер бойынша хронологиялық тәртіпте болуы тиіс. Тізімде келтірілген әдебиет көздері араб сандарымен нөмірленеді және тізімде жаңа жолдан басталып жазылады.

Мысалы:

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы. Заңдар. Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы [Электрондық ресурс]: заң [1995 жылдың 31 наурызында қабылданды]. – Кіру рәсімі: <http://www.nationalbank.kz>, еркін. – Экрандағы атауы.

2. Яковлев Р.А. Оплата труда на предприятии [Мәтін]: / Р.А. Яковлев // М.: Центр экономики маркетинга, 1999. - 264 с.

3. «Аудиторлық қызмет туралы» ҚР Заңы. 2006 жылғы мамырдың 5-і. № 139-II (___ __ 201 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

4. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңы. 2007 жылғы ақпанның 28-і. № 234-III (___ __ 201 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

5. Иванов И.И. Как добиться устойчивости финансовой системы [мәтін]: И.И. Иванов // Банки Казахстана. – 2009. - № 5. - 25-26б.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде 25 тен кем емес көздер болуы керек.

Ескерту:

Егер заңға толықтырулар мен өзгертулер енгізілсе, онда толықтырылған немесе өзгертілген күні немесе заң бойынша белгілі бір күнге жағдайы көрсетілуі керек (дипломдық жұмыста орын алған).

Қосымшалар дипломдық жұмыстың жалғасы ретінде келесі беттерде тіркеледі. Дипломдық жұмыстың мәтінінде барлық қосымшаларға сілтеме

жасалуы керек. Қосымшалар мәтінде келтірілген сілтеме тәртібі бойынша орналасады. Әр бір қосымша жаңа беттен басталып, беттің жоғарғы жағының ортасында «Қосымша» сөзі мен оның сипаты туралы орналасады. Қосымшалар мәтінге жүйелі қатысы бар атаудан тұру керек, олар бөлек жолдан бас әріппен жазылады. Қосымшалар дипломдық жұмыстың барлық бөліміне қатысты нөмірлерге жалғасып белгіленеді.

6. Дипломдық жұмысты қорғауға ұсыну бойынша тәртіптер

Дипломдық жұмыс өндірістік (диплом алды) тәжірибе аяқталған соң алдын – ала қорғау кезеңінен өту үшін «Есеп және қаржы» кафедрасына ұсынылады.

Диплом жұмысын алдын – ала қорғау барысы кафедраның ашық отырысында студенттердің және міндетті түрде ғылыми жетекшілерінің қатысуымен өткізіледі.

Алдын – ала қорғаудың қорытындысы кафедра отырысының хаттамасымен толтырылады.

Алдын – ала қорғаудан сәтті өткен және бекітілген талаптарға сай безендірілген, аяқталған дипломдық жұмысқа студенттің қолы қойылады және ол ғылыми жетекшіге жіберіледі.

Ғылыми жетекші дипломдық жұмысқа жазбаша пікір жазады.

Дипломдық жұмысты жетекші мақұлдағаннан кейін оған қол қояды және жазған пікірімен бірге жұмысты кафедра меңгерушісіне қорғауға рұқсат алу үшін тапсырылады.

Егер жетекші дипломдық жұмысты дұрыс деп мақұлдаса, онда бұл жұмысқа қол қоймайды, бірақ дипломдық жұмыстың қорғауға жіберілмеу себебі туралы шешімі көрсетілген жазбаша пікірі болуы тиіс.

Кафедра меңгерушісі осы мәліметтердің негізінде дипломдық жұмыс бойынша титулдық бетке соңғы шешім қабылдай отырып қол қояды.

Егер кафедра меңгерушісі дипломдық жұмысты қорғау бойынша студентке рұқсат бермесе, онда бұл мәселе міндетті түрде сол студент пен оның ғылыми жетекшісінің қатысуымен кафедра отырысында қарастырылады. Кафедра отырысының хаттамасы университет ректорына бекітілуге ұсынылады.

Бітіруші кафедра қорғауға ұсынылған дипломдық жұмыс (жоба) ғылыми жетекшінің пікірімен бірге сын – пікір алуға жіберіледі.

Өндірістік мамандар мен ғылыми ұйымдардың арасынан бітіруші кафедраның меңгерушісі ұсынған сын – пікір берушілердің тізімі университеттің ректорының бұйрығымен бекітіледі. Сын – пікірді басқа жоғарғы оқу орындарының профессорлары, доценттері мен оқытушылары да бере алады.

Сын – пікір беруші дипломдық жұмысқа жазбаша сын – пікір береді, онда зерттелетін тақырыптың өзектілігі, жаңашылдығы және тәжірибелік

мәні, жұмыстың мазмұнының оның атауына және мамандық дайындау профиліне сәйкестігі, ұсынылатын академиялық дәрежесі мен біліктілігі, жүргізілген зерттеудің өзінділігі, қорытындылар мен ұсыныстардың нақты болуы, жағдайдың шешілу деңгейі мен зерттеудің қорытындысы болуы керек.

Сын – пікірде дипломдық жұмыстың жалпы қорытындысын көрсететіндей баллдық – рейтингтік әріптік жүйе бойынша баға және академиялық дәрежесі мен біліктілігінің берілуі туралы жазылуы керек.

Дипломдық жұмыс ғылыми жетекшімен қорғауға жіберілсе, бірақ сын – пікір беруші F – «қанағаттанарлықсыз» бағасымен бағаланса, онда ол жалпы жағдайға байланысты ескеріледі.

Факультет деканы қорғауға бір күн қалғанда дипломдық жұмысты пікір мен сын – пікірмен бірге жұмысты қорғау үшін Мемлекеттік аттестациялау комиссиясына жіберіледі.

Дипломдық жұмысты қорғау студенттің өз қалауы бойынша қазақша немесе орысша жүргізілуі мүмкін. Студент кафедраның ұсынысы бойынша дипломдық жұмысында шет елдік бір тілде қосымша қысқаша мәлімет келтіруіне болады.

7. Дипломдық жұмысты қорғау тәртібі

Диплом жұмысын қорғау Мемлекеттік аттестациялық комиссия мүшелерінің жартысынан кем емес мүшелерінің қатысуымен ашық отырысында өткізіледі.

Диплом жұмысын қорғау келесі кезектілікте жүргізіледі:

- МАК хатшысы қорғау басталмас бұрын диплом жұмысын комиссия төрағасына береді, содан соң қорғаушы студенттің аты – жөнін жариялап, дипломдық жұмыстың тақырыбын айтады.

- диплом жұмысын қорғаушы студенттің баяндамасы тыңдалады.

- баяндама оқып болған соң комиссия мүшелері студентке сұрақтар қояды, студент ол сұрақтарға нақты және қысқа жауап беруі керек.

- студент сұрақтарға жауап бергеннен соң МАК хатшысы ғылыми жетекшінің пікірі мен сырттан берілген сын – пікірді оқиды және онда келтірілген кемшіліктер бойынша сұрақтарға жауап беру үшін студенттің қорытынды сөзі тыңдалады.

Дипломдық жұмысты қорғау көпшілік алдында студенттердің, бітіруші кафедраның оқытушыларының қатысуымен өткізіледі. Сонымен бірге, қорғауға ғылыми жетекші, дипломдық жұмысқа зерттеу жүргізілген орыннан ұйымның өкілдері және басқа да қызығушылығы бар тұлғалар шақыртылуы мүмкін.

Дипломдық жұмысты талқылауда сұрақтар қою сөз сөйлеу түрінде барлық қатысушылар қатыса алады.

Бір дипломдық жұмысты қорғау уақыты бір студентке есептегенде 30 минуттан аспауы керек.

Дипломдық жұмысты қорғау үшін студент мемлекеттік аттестациялау комиссиясының алдында баяндама оқиды және ол 7 – 10 минуттай болуы керек.

Баяндаманың негізгі бөлігі тәжірибелік сипатта болуы тиіс. Баяндама «Құрметті Мемлекеттік аттестациялау комиссиясының төрағасы және оның мүшелері! Сіздердің назарларыңызға «.....» (жұмыстың тақырыбы көрсетіледі) тақырыбында дипломдық жұмыс ұсынылып отыр» деп МАК мүшелеріне арналып басталуы керек.

Баяндамада көрсетілуі керек:

- таңдалған дипломдық жұмысының тақырыбының мәні, өзектілігі, оның объектісі мен пәні, мақсаты;

- жұмыстың теориялық мазмұны мен ғылыми жаңашылдығы;

- негізгі ойлар мен неғұрлым маңызды қорытындылар: табылған проблемалар мен оларды шешу бойынша ұсыныстар.

Студент баяндамасын оқып болған соң, шама келсе соңғы сөзін «Баяндама аяқталды. Тыңдағандарыңызға рахмет!» деп аяқтауы керек.

Баяндама иллюстрациялық үлестірме материалдармен көрсетілуі керек. Оған студенттің жұмысының нәтижесін және өзінділігін неғұрлым толық бағалауға мүмкіндік беретін суреттер, кестелер, сызбалар кіреді. Иллюстрациялық материалдар презентация түрінде келтіріледі және олар белгілі бір бағдарламалық құралдардың (мысалы, MS PowerPoint) көмегімен жасалады. Үлестірме материалдар жинақтап біріктірілуі керек және оның титулдық беті болуы керек, онда дипломдық жұмыстың тақырыбы мен оның авторы көрсетіледі. Үлестірме материалдарының саны Мемлекеттік аттестациялау комиссиясының мүшелерінің санына байланысты анықталады. Автор жұмысын қорғау кезінде зерттелетін проблема бойынша тек теориялық білімі жағынан дайындалып қана қоймай, сонымен бірге шешендік шеберлігінің деңгейін де көрсете білуі керек, қойылған сұрақтарға нақты және қысқаша жауап беріп, өзінің позициясын аяқтай білуі керек.

Дипломдық жұмысты қорғау нәтижесі бойынша баллдық – рейтингтік және әріптік жүйеде балл қойылады. Ол үшін теориялық деңгейі, ғылыми және тәжірибелік дайындығы, ғылыми жетекшінің пікірі мен сын – пікір берушінің сын – пікірі назарға алынады.

Дипломдық жұмысты бағалауда негізгі сапалы критериялар болып мыналар саналады:

- тақырыптың өзектілігі мен жаңашылдығы;

- тақырып бойынша отандық және шетелдік әдебиеттердің жеткілікті қолданылуы;

- дипломдық жұмыстың тәжірибелік мәні;

- дипломдық жұмыста қойылған тапсырманы орындау үшін жинақталған эмпирикалық мәліметтер қажет және олар жеткілікті болу керек;
- талдаудың тереңдігі мен дәлділігі және алынған нәтиженің түсінікті болуы;
- мәліметті мазмұндаудың нақтылығы және сауаттылығы, осы «Әдістемелік нұсқауды» ескере отырып, жұмыстың сапалы орындалуы;
- дипломдық жұмыстың теориялық және тәжірибелік сұрақтары бойынша пікір таластыра білу, МАК мүшелерінің қойған сұрақтарына және сын – пікір берушінің ескертпелеріне дұрыс және терең жауап бере алу.

Дипломдық жұмысты қорғау бойынша қорытынды баға Мемлекеттік аттестациялау комиссияларының мүшелерінің ұйғарымымен шығарылады. Барлық оқу мерзімі ішінде оқу үлгерімінің нәтижесі мен дипломдық жұмыстың қорғауында студент оң баға алса, онда бітірушіге «Бакалавр» академиялық дәрежесі беріледі.

Дипломдық жұмыстың қорғау нәтижесі мемлекеттік аттестациялау комиссиясының отырысының хаттамасымен әр студентке жеке толтырылады және оның нәтижесі қорғау өткізілген күні жарияланады.

8. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы. Заңдар. Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңы [Электрондық ресурс]: заң [2007 жылдың 27 шілдесінде қабылданды]. Кіру рәсімі: [http:// www.zakon.kz](http://www.zakon.kz), еркін. – Экрандағы атауы.

2. ҚР МЖМБС 5.03.016-2009. Қазақстан Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі. Жоғары оқу орындарында диплом жұмысын (жоба) орындау ережесі. Негізгі ережелер». – 2009 жылдың 31 шілдесінде іске қосылды. – Астана, 2009. – 18б.

3. Жоғарғы оқу орындарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің типтік ережесі. ҚР Білім және ғылыми министрiнiң 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген. Кіру рәсімі: <http://adilet.zan.kz>, еркін. – Экрандағы атауы.

4. Уваров А.А. Дипломные и курсовые работы по экономическим специальностям: Практические советы по подготовке и защите [Мәтін] / А.А. Уваров – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2005. – 80 с.

Қосымша А

Дипломдық жұмысты жазудың және қорғаудың жалпы бағыты

№	Жұмыстың түрі	Орындалу мерзімі
1	Тақырыпты және жетекшіні таңдау	бітіруші курстың басында
2	Кафедра меңгерушісімен тақырыпты және ғылыми жетекшіні бекіту. (Негіз: студенттің жеке өтініші)	бітіруші курстың басында
3	Дипломдық жұмыстың жоспарын құру, оны жетекшімен келісу және кафедра меңгерушісімен бекіту	диплом алды тәжірибенің 1 аптасы
4	Дипломдық жұмыстың мақсаты мен тапсырмаларын анықтау	диплом алды тәжірибенің 1 аптасы
5	Дипломдық жұмыстың бірінші бөлімінің жазылуы – көзқарастың жүйелілігі, зерттеу тақырыбы бойынша ықпал ету арқылы әдебиеттерге шолу негізінде зерттелетін проблеманың теориялық сұрақтарын қарастыру	ғылыми жетекшімен келісе отырып мерзімін жеке белгілеу
6	Дипломдық жұмыстың екінші бөлімінің жазылуы – кәсіпорынның жағдайын ашатындай талдау бөлімі, яғни зерттеу тақырыбы бойынша кәсіпорынның қызметіне талдау және осының негізінде проблемалық сұрақтарын қарастыру	ғылыми жетекшімен келісе отырып мерзімін жеке белгілеу
7	Дипломдық жұмыстың үшінші бөлімінің жазылуы – зерттеу тақырыбы негізінде анықталған проблемаларды (перспективалық даму бағыттары, қазіргі кездегі жетілдірілуі) шешу бойынша ұсыныстар, нұсқауларды кіріктіретін жоба бөлігі	ғылыми жетекшімен келісе отырып мерзімін жеке белгілеу
8	Дипломдық зерттеудің нәтижесі бойынша кіріспе және қорытынды жазу	ғылыми жетекшімен келісе отырып мерзімін жеке белгілеу
9	Дипломдық жұмысты алдын - ала қорғау (Тігілмеген дипломдық жұмыс алдын – ала тексеруден өту үшін «Есеп және қаржы» кафедрасына тапсырылады)	диплом алды тәжірибеден соң бірінші аптасында
10	Дипломдық жұмысқа ғылыми жетекшінің көзқарасын алу	қорғауға 7-10 күн қалғанда
11	Дипломдық жұмыстың нәтижесін енгізу мүмкін болатын кәсіпорынан пікір алу (қажет буюлған жағдайда)	қорғауға 7-10 күн қалғанда
12	Антиплагиат бағдарламасынан тексеруден өту	Тәжірибе уақыты кезінде, яғни

		дипломдық жұмысты қорғаудан 10 күн бұрын
13	Кафедра меңгерушісіне дипломдық жұмысты көрсету	қорғауға 5-8 күн қалғанда
14	Дипломдық жұмысқа сын – пікір алу	қорғауға 5-6 күн қалғанда
15	Дипломдық жұмысты жетекшінің көзқарасы мен сырттан алынған сын – пікірмен бірге МАК хатшысына тапсыру	қорғауға дейін 1 бір күннен кешіктірмей
16	Дипломдық жұмысты қорғау (баяндама, МАК мүшелерінің барлығына жеткілікті үлестірме материал)	қорғау кестесіне сәйкес жұмысты қорғау күні

Қосымша Б

«Есеп және қаржы»
кафедрасының меңгерушісі
э.ғ.к., доцент Э.А. Рустеноваға
_____ тобының студенті
_____ (аты-жөні)

Өтініш

Сізден *«дипломдық жұмыстың тақырыбы» («Кәсіпорын атауы»* мәліметтері негізінде) тақырыбындағы дипломдық жұмыстың және оның жетекшісі ретінде «Есеп және қаржы» кафедрасының аға оқытушысы (*профессоры, доценті*) оқытушының аты-жөні тағайындауыңызды сұраймын.

Студенттің қолы, қойылған күні
Жетекшінің (келісімі) қолы, қойылған күні

Қосымша В

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

((жоғарғы оқу орнының аты)

факультеті

Мамандық 5В050900

«Қаржы»

Кафедра «Есеп және қаржы»

дипломдық жұмысты орындауға

ТАПСЫРМА

Студентке

(аты – жөні)

Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы

жоғарғы оқу орны бойынша бұйрықпен № ____ " ____ " _____ бекітілген

Аяқталған жұмыстың (жобаның) тапсыру мерзімі " ____ " _____

Дипломдық жұмысқа (жобаға) қажетті

мәліметтер _____

Дипломдық жұмыста қарастырылатын сұрақтардың қысқаша мазмұны:

а) _____

б) _____

в) _____

Графиктік материалдардың тізімі (міндетті сызбаларды нақтылау)

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер

Жұмыс бойынша кеңестер

Бөлімі	Кеңес беруші	Мерзімі	Қолы

--	--	--	--

Қосымша Г

Дипломдық жұмыстың дайындық кестесі

№	Бөлім аты, қарастырылған сұрақтар	Ғылыми жетекшіге ұсынылатын мерзімі	Ескерту

Тапсырма беру мерзімі: _____

«Есеп және қаржы» кафедрасының меңгерушісі _____ (аты-жөні)
(қолы)

Жұмыстың жетекшісі _____ (аты-жөні)

Тапсырма орындауға алған студент _____ (аты-жөні)

Кейбір тақырыптар бойынша диплом жұмыстарының
жоспарларының үлгілері

Тақырыбы: «Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын басқару («...» ЖШС мәліметтері негізінде»

Кіріспе

1 Басқару шешімдерін қабылдау құралы ретінде кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын талдаудың теориялық негізі

1.1 Кәсіпорынның қазіргі кездегі қаржылық тұрақтылығы

1.2 Қаржылық тұрақтылықтың абсолюттік және қатыстық көрсеткіштерінің мазмұны мен мәні

1.3 Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын жалпы бағалаудағы төлемқабілеттілігі мен өтімділігін талдаудың рөлі

2 «...» ЖШС – ның қаржылық тұрақтылығын талдау

2.1 Кәсіпорынның сипаты мен оның қаржылық – шаруашылықтық қызметін бағалаудың нәтижесі

2.2 Кәсіпорынның активі және оларды қалыптастырудың көздерін талдау

2.3 Кәсіпорынның балансының өтімділігі мен төлемқабілеттілігін талдау

2.4 Кәсіпорынның күйреу («төлемқабілетсіздігін») қаупін талдау

3 «...» ЖШС – ның қаржылық жағдайының тұрақтылығын көтеру жолдары

3.1 Компанияның тұрақтылығын жоғарылатудың қаржылық механизмі

3.2 Компанияның қаржылық менеджментін жетілдіру

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Қосымшалар

Тақырыбы: «Қазақстан Республикасының жергілікті бюджетінің табыс бөлігін қалыптастырудағы Батыс Қазақстан облысының салықтары мен төлемдерінің рөлі»

Кіріспе

1 Бюджеттік механизм экономиканы басқарудың негізгі құралы ретінде

1.1 Экономикалық және әлеуметтік дамудағы әкімшілік-территориялық қалыптасу бойынша жергілікті бюджеттің рөлі

1.2 жергілікті бюджеттің қалыптасуындағы салық түсімдердің мәні

1.3 Жергілікті бюджеттің табыс бөлігінің қалыптасуының халықаралық тәжірибесі

2 Салықтық түсімдер мен төлемдер түріндегі жергілікті бюджеттің табыс бөлігінің қалыптасу негізділігі (Батыс Қазақстан облысының мысалы негізінде)

2.1 Жергілікті бюджетке түсетін салықтар мен төлемдердің есептелу және аударылу тәртібі

2.2 Батыс Қазақстан облысы бойынша салықтар мен төлемдердің есебінен жергілікті бюджеттің табыс бөлігінің орындалуын

3 Жергілікті бюджеттің табыс бөлігінің қалыптасуы бойынша салықтар мен төлемдердің түсу жолдарының жетілдіру механизмі

3.1 Салықтық потенциал мен салықтарды жинаудың көрсеткіштері негізінде салықтық түсімдерді жоспарлау жүйесі

3.2 Жергілікті бюджеттің табыс бөлігіне салықтық түсімдерді жоғарылату саласында Салық органдарының қызметін жетілдіру

3.3 Салықтар бюджетке түсімдердің қалыптасуын көтеру факторы ретінде

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Қосымшалар

Тақырыбы: «Орал қаласының бюджеттің орындалуындағы қазынашылық механизм (білім беруге жұмсалатын шығындар мысалында)»

Кіріспе

- 1 Мемлекеттік қаржылық басқарудағы қазыналық органның рөлі
 - 1.1 Бюджет – қаржы жүйесінің ортаңғы буыны
 - 1.2 Қазақстан Республикасының қазыналық жүйесінің қалыптасуы мен дамуы
 - 1.3 Алдыңғы қатарлы елдердегі қазыналық жүйенің қалыптасу ерекшелігі
- 2 Орал қаласының бюджетінің орындалуындағы қазыналық механизм (білім беруге жұмсалатын шығындар мысалында)
 - 2.1 Орал қаласы бюджетінің шығыс бөлігінің жүзеге асырылуы
 - 2.2 Білім беру шығындарына қаржыландырудың ұйымдастырылуы
 - 2.3 Білім беру шығындарын қаржыландырудың талдануы
- 3 Бюджет қаражаттарының шығындарына басқару мен бақылаудың мемлекеттік жүйесінің жетілдіру жолдары
 - 3.1 Қазақстан Республикасының қазыналық жүйесінің модернизациясы
 - 3.2 Мемлекеттік бюджеттің қаражаттарын орындау және бақылауда қазыналық жүйенің тиімділігін көтеру жолдары мен жетілдірілуі
 - 3.3 Білім беру жүйесін қаржыландырудың механизмін жетілдіру

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Қосымшалар

Тақырыбы: «Коммерциялық банктің несиелік портфелін басқару процесінің жетілдірілуі («Қазақстан Халық Банкі» АҚ мәліметтері негізінде)»

Кіріспе

1 Коммерциялық банктің несиелік қызметінің экономикалық негізі мен мәні

1.1 Ақша қаражаттарын жинақтау және қайта бөлу процесінде банктердің мәні, қызметтері және рөлі

1.2 Несиелендіру – коммерциялық банктің негізгі табыс көзі

1.3 Несиелік портфелін басқарудың жалпы әдістемелік негізі

2 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ – ның несиелік портфелінің басқарылуы

2.1 Банк қызметіне сипаттама және оның Қазақстан Республикасының банк жүйесіндегі рейтингі

2.2 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ – ның несиелік портфелін басқару тәжірибесі

2.3 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ – ның несиелік портфелін талдау

2.4 Несиелік портфелінің табыстылығына несиелік тәуекелін бағалаудың әсері

2.5 Несиелік портфелінің диверсификациясын анықтау кезіндегі стратегиялық көрсеткіштердің қолданылуы

3 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қаржыландырудан алынған шекті көлем бойынша несиелік портфелін басқарудың әдістерін жетілдіру

3.1 Портфелді әртараптандыруды қамтамасыз етудің негізгі әдісі

3.2 Секьюритизациялау жолымен өтімді портфелді қолдау

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Қосымшалар

Тақырыбы: «Банктік маркетингі жетілдіру («... банк» АҚ мәліметтері негізінде)

Кіріспе

1 Банктік маркетингің дамуының теориялық аспектілері

1.1 Банктік маркетингің мәні және оны ұйымдастырудың принциптері

1.2 Банктердегі маркетингің ерекшелігі

1.3 Банктік маркетингің дамытудың шет елдік тәжірибесі

2 «... банк» АҚ – ның маркетингік қызметін талдау

2.1 банктің жалпы сипаттамасы және оның негізгі экономикалық көрсеткіштеріне талдау

2.2 Банктің маркетингік қызметінің даму деңгейін зерттеу

2.3 Банктік қызметтер нарығында «... банк «АҚ – ның бәсекелік позициясын бағалау

3 «... банк» АҚ – ның маркетингік қызметін жетілдіру

3.1 Банктің маркетингіне стратегиялық жоспарлау

3.2 Банктік маркетингің жетілдірілу бағыттары

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Қосымшалар

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі

**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық
университеті**

Азаматов Азамат Азаматұлы

**«Жеке тұлғаларды банктік несиелендіру («Цеснабанк» АҚ
мәліметтері негізінде)»**

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

мамандық 5В050900 – «Қаржы»

Орал 201...

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі

**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық
университеті**

«Қорғауға жіберілді»

**«Есеп және қаржы»
кафедрасының меңгерушісі
_____ Рустенова Э.А.
«_____» _____ 201 ж.**

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: Коммерциялық банктермен заңды тұлғалардың
несиелендірілу жүйесін жетілдіру («БТА Банк» АҚ Ақтау қаласы
мәліметтері негізінде)

Мамандық 5В050900 – «Қаржы»

Орындаған, БФ-41 топ студенті

Азаматов А.А.

**Ғылыми жетекші,
э.ғ.к., профессор**

Бисенов С.Х.

Орал 201...

Айешева Г.А., Рустенова Э.А., Абдешова А.Ш., Тюмамбаева А.Г.,
Габдуллина М.А.

5B050900 – «Қаржы» мамандығы бойынша дипломдық жұмыс
орындауға және қорғауға арналған

ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУ

**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық
университетінің редакциялық - баспа бөлімі**

БҚАТУ типографиясында басылып шықты

© РМК «Жәңгір хан атындағы Батыс қазақстан аграрлық – техникалық университеті»